



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Галиева Б.Х. Тәрбие теориясының өзекті мәселелері.- Павлодар, 2010, 1-7 бет
2. Абдыхалыкова Ж.Е. АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерге академиялық қолдау көрсетудің ерекшеліктері.- Астана, 2013
3. Орынтаева Ж.А. Білімді ақпараттандыру және оның болашақ мұғалімдерді дайындаудағы әсері.- Алматы, 2007
4. Кеңесбаев С.М. Студенттерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға жүйелі деңгейде дайындау. Хабаршы, Абай атындағы ҚазҰПУ, №3, 2004ж
5. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің азаматтық-даму бағдарламасы.- Астана 2013
6. Патриоттық тәрбие // Қазақстан мектебі – 2005 - №8 – 72 - 73 бет.

УДК 37.013.42

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Базарова Айнұр

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Сламбекова Т.С.

Бүгінде әлемдік ғылыми айналымда жеке тұлғаның әлеуметтік сипатын қалыптастыру және осы мақсатта ұйымдастырылатын жұмыс ерекшеліктерін нақтылау мәселесі өзекті де, көптеген ізденісті қажет ететін мәселе болып отыр.

Біздің мемлекетімізде бүгінде қарқынды жүріп жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени, ғылыми өзгерістер жеке тұлға тіршілігінің барлық жақтарына қарқынды әсер етеді. Белгілі бір қоғамда, әлеуметтік ортада, топта қабылданған мінез-құлық үлгілерін, адамгершілік сапаларды, этникалық құндылықтар мен нормаларды жеке тұлға бойына сіңіру, олардың әлеуметтену сапасының нәтижелі болуына ықпал етеді. Жеке тұлғаның әлеуметтік бітім-болмысы және адамдық қасиеттерінің негізгі белгілері көптеген орта, ондағы адамдардың кісілік бітімінің, қарым-қатынасының негізінде қалыптаса бастайды. Олай болса, қоғамның ілгерілеуі мен болашағы жеке тұлғаға әсер етуші объективті орталардың әсерінен болмақ.

Қазіргі кезде отандық және шетелдік ғалымдар әлеуметтену саласында зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Шығу тарихынан бастап, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің қазіргі таңдағы жағдайы толық қамтылуда. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру ортасы, факторлары, әлеуметтендіру институттары және т.б. бойынша ауқымды зерттеу, зерделеу, анықтау жұмыстары да күрделене түсуде.

Жеке тұлғаның жалпы даму проблемалары туралы ағартушылар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлер мен педагогикалық тұжырымдарын көрсеткен. Жеке тұлғаны әлеуметтендіруді психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қарастырған еңбектер де аз емес.

Жас ұрпақтың әлеуметтік сипатымен айналысушы ғалым-зерттеушілер: И.С.Кон, А.В.Мудрик, П.И.Пидкасистый т.б. және отандық педагог ғалымдар Г.А.Уманов, Д.И.Хмель, М.И.Мұқанов, Л.Ә.Байсерке т.б.. Ал, жас ұрпақты тікелей білім беру базасы - мектепте әлеуметтендірудің негіздері А.Н.Нысанбаев, З.У.Кенесарина, О.Н.Нұсқабаев, Д.К.Кішібеков, А.Н.Тесленко, Г.Л.Нұрманбетова, М.С.Керімбаева, Г.А.Жақыповалардың т.б. ғылыми-зерттеу еңбектерінде тұжырымдалған.

Жеке тұлғаның қалыптасып, жетілуіне бұқаралық ақпарат құралдарының күдіретті күші ерекше. Олар балаға моральдық қалып туралы түсініктерді береді, оның мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал етіп, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын береді.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының негізінде жеке тұлғаны әлеуметтендіру

мәселесі жан-жақты зерттелуде. Бұқаралық ақпарат құралдарының жеке тұлғаның дамып, қалыптасуындағы орнын әр түрлі қырынан қарастырып жүрген бір топ ғалымдарды атап өтуге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының жеткіншек ұрпақты тұлға ретінде қалыптастыру мәселелері көптеген ғалым салаларының атап айтқанда, философия, мәдениеттану, педагогика, психология, әлеуметтану (Е.Н.Барышникова, А.Н.Богомолов, Г.Г.Воробьев, Г.Т.Волкова, С.А.Герасимова, Г.В.Грачев, Г.Г.Громов, И.Ю.Глинская, Е.Л.Доценко, А.А.Марков, И.А.Колесникова, К.Г.Кречетников, А.А.Журин, Е.С.Полат, Е.В.Шуварилова, И.В.Челышева, С.Б.Цымбаленко, И.А.Яременко және т.б.) зерттеу мәселеріне айналған. Және ғылыми айналымда бұқаралық ақпарат құралдарын оқу-тәрбие процесінде қолдану тиімділігі, медиасауаттылық, медиабілім мәселесі де ғалымдардың назарынан тыс қалмаған (Л.М.Баженова, О.А.Баранов, Л.С.Зазнобина, И.С.Левшин, Л.Мастерман, С.Н.Пензин, А.А.Новикова, Ю.К.Усов, А.В.Федоров, А.В.Шариков, Г.В.Абросимова, Т.А.Репида, С.В.Миликидзе, Н.К.Шипатильник, С.Н.Янпольский, ал отандық ғалымдардың ішінде Қ.А.Ақтамбеков, С.Абдукадирова, Р.Г.Ахмадиев, В.А.Бородин, И.П.Гуляева, Ү.Жұмабекова, С.Н.Имашев, Г.Исмағұлова, Н.М.Наренов, Ә.О.Оразова, Н.П.Скальковская, А.А.Тіленбаева, П.Б.Сейітқазы және тағы басқалар және т.б.)

Қазақстандық ғалым Сейітқазы П.Б. «Болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясының (2009ж.) ғылыми жаңалығы

бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбие үрдісіндегі орнына бүгінгі күн тұрғысынан баға берілуінде, БАҚ арқылы болашақ мұғалімдерді тәрбие үрдісіне дайындаудың маңыздылығының нақтыланып, ғылыми тұрғыдан негізделуінде, Білім беру жүйесінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану жайы және оған болашақ мұғалімдерді дайындау мәселесінің талдануында, болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың тұжырымдамасы мен моделінің жасалуында және оған ғылыми негізделген талаптардың дайындалуында және т.б.

XXғ. ортасында әлеуметтену мәселелері жеке дара пәндердің зерттеу аймақтарына айналды. Бүгінде осы мәселені әр түрлі аспектіде педагогика, философия, этнография, социология, психология, криминология және т.б. ғылым салалары айналысуда.

Жеке тұлғаның әлеуметтену проблемалары әртүрлі саладағы мамандарды, оның ішінде философтарды, психологтарды, әлеуметтанушыларды ойландырады. Ол педагогика ғалымдары үшін ең басты мәселе болып табылады. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамиды, қалыптасады. Сондықтан жеке тұлғаның «дамуы» және «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика ғылымы үшін өте маңызды мәселе. Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік қасиеттерінің қалыптасуы қоғамның қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады.

Біз әртүрлі басылымдарда «әлеуметтену» түсінігінің бірнеше жолмен түсіндірілетініне көз жеткіздік. Қазіргі үлкен педагогикалық энциклопедиясында «тұлғаның әлеуметтенуі жеке адамның әлеуметтік ортаға бейімделу процесі, оның практикалық және теориялық білімдері мен дағдыларының қалыптасуы» деп көрсетілген. «Тұлғаның әлеуметтенуі өмірлік қарым-қатынаста адамның өзінің белсенді араласуы, әлеуметтік нормаларды қалыптастыруы, дағды мен мүмкіндікті дамытуы».

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Әлеуметтану» (лат. Socialis -қоғамдық), адамның барлық өмір жолында дамуы, өзінің қоршаған ортасына, қоғамға бейімделуі» деген түсінік берілген.

Жалпы, әлеуметтену түсінігі 1940-50 жылдары А.Бандура, Дал.Кольман және т.б. еңбектері арқылы әлеуметтік психологияға енген.

Ғылыми басылымдарда «әлеуметтену – адамның даму кезеңі, оның қоршаған әлеммен, тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал ететін ортамен тығыз байланысы» деген түсініктеме берілген.

Әлеуметтендіру дегеніміз - өзі өмір сүріп отырған қоғамға пара-пар өмір сүру үшін

индивидтің белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтар жүйесін меңгеру процесі. Әлеуметтендіру адамның әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне қарай қоғамдық қатынастар мен қарым-қатынас формаларының, қызмет түрлерінің ендірілуі арқылы жүреді.

Кеңес дәуіріндегі ғылымда әлеуметтену проблемасымен айналысушы ретінде И.С. Конның есімін атауға болады. Ғалым еңбектерінде осы мәселені философиялық, социологиялық, әлеуметтік психологиялық, этнографиялық және педагогикалық тұрғыда қарастырған.

И.С. Кон пікірінше, «әлеуметтену» тәрбие ұғымына қарағанда көлемі кең ұғым. Ол тәрбиені, ең алдымен индивид бойына қажетті белгі мен қасиеттерді арнайы енгізуге бағытталған жүйе ретінде қарастырса, әлеуметтенуді – индивидке қоршаған ортаның алдын ала ойластырылмаған, кездейсоқ әсер етуі және осының салдарынан жеке тұлғаның мәдениетке жақындауы, тіршілік етіп отырған қоғамның толыққанды мүшелігіне айналуы, – ретінде қарастырады. Ал, И.С.Кон әлеуметтенуді индивидтің әлеуметтік тәжірибелерді меңгере отырып, нақты тұлға болып қалыптасуы деп көрсетеді. Себебі, адам әлеуметтену барысында өзінің әдеттерінің қалыптасуын, мінез - жүйелерін, әлеуметтік эталондарды, ролдік жүріс-тұрыс ерекшеліктерін меңгеретіндігін айтады.

Г.М. Андреева «Әлеуметтік психология» атты оқулығында әлеуметтендіруге - индивидтің әлеуметтік ортаға ендірілуі»,... «оның әлеуметтік ықпалға бой ұсынуы»,... «оны әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне қосу»,... - деп анықтама берген. Ғалым әлеуметтендіруді екі жақты процесс, ол өзінің мазмұнына, бір жағынан, индивидтің белгілі бір ортаға еніп, онда жинақталған әлеуметтік тәжірибені меңгеруін, екінші жағынан, индивид өзінің белсенді іс-әрекетінің ықпалымен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінің ұдайы толықтырылып отырылуын қамтамасыз ете алуы, әлеуметтік ортаға белсенді түрде қосылуы, - деп түсіндіреді.

А.В. Мудрик «әлеуметтену» түсінігін анықтау барысында адамның бейімделуі тікелей қоғамдағы жағдайларға байланыстылығын жазады.

Қазақстандық ғалымдар А.Н.Тесленко, М.С.Керимбаева, Г.А. Жақыповалардың зерттеулері бойынша «әлеуметтену» дегеніміз тұлғаның қоғамдық қарым-қатынасқа араласуы және жеке тұлғаның қарым-қатынасты өзі жасай білуі. Зерттеушілер әлеуметтену процесінде жеке тұлғаның әлеуметтік және тәрбиелік потенциалын назарға алу керектігін айтады.

Олай болса, жеке тұлғаны әлеуметтендіру (лат. – *socialis* - қоғамдық)

әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды меңгеру негізінде жеке тұлғаның қоғамдағы әрекетке қабілеттілігін қалыптастыру.

Әлеуметтендіру - әлеуметтік ақиқатты жеке тұлғаның меңгеруі. Әлеуметтендіру процесінде адам әлеуметтік нормаларды меңгереді, әлеуметтік ролдерді орындау тәсілдері мен қоғамдық мінез-құлық дағдыларын игереді. Әлеуметтендіру жеке тұлғаға қоғамда тең құқылы мүше санатында болуына мүмкіндік береді.

Әлеуметтендіру жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастыру, жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу процесінде белгілі бір тәртіпке келтіріп, жинақталған қажетті ғылыми білімдерді, дағды-іскерліктерді, біліктілікті, рухани байлықтарды, мүдделер мен салт-дәтүрлерді, әдет-ғұрыптар мен жол-жоралғыларды, адамгершілік пен мінез-құлық нормаларын меңгеру арқылы оларды біртіндеп өздері өмір сүріп отырған қоғамның әлеуметтік экономикалық құрылысына сәйкес әлеуметтік рөлдер жүйесіне қосу.

Сонымен, *әлеуметтену нәтижесі*, жеке тұлғаның әлеуметтік толысуы (мамандықты игеруі, өз беттілік; адами толысу); интеллектуалдық толысу (әлеуметтік рөлдерді орындауға қабілетті ақыл-ойдың дамуы); құқықтық толысу (құқығы мен міндеттері туралы білім); саяси толысу (азаматтық борыш сезімі, әлеуметтік-саяси белсенділік).

Әлеуметтену көптеген жағдайлардың өзара әрекеттену нәтижелерінде жүзеге асады... Жеке адамның әлеуметтену үрдісінің басталуы мен өтуін тудыратын жағдайлар әлеуметтенудің факторлары болып есептеледі.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсер етуші факторлар (А.В.Мудрик бойынша)

Мегафакторлар (мега - өте үлкен, жалпы). Космос, планета, ғылыми-техникалық прогресс деңгейі, демографиялық жағдай. *Макрофакторлар* (макро -үлкен). Мемлекет: әлеуметтік-экономикалық жүйе, қоғамдық психология, қоғамдық сана (идеология, саясат, саяси және құқықтық мәдениет, мораль, дін, өнер, ғылым). *Мезофакторлар* (мезо-орта, аралық). Табиғи-географиялық жағдайлар, ұлттық-мәдени және діни нормалар, дәстүрлер, мекен-жайы (аймақ, қала, село), әлеуметтік топ, мәдени-білім беруші сфера, **бұқаралық ақпарат құралдары**. *Микрофакторлар* отбасы, еңбек, оқу және т.б. ұжым мен топтар, құрбылар, көршілер, діни ұйымдар, микросоциум.

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары. Оларға теледидар арналары, радио, баспасөз (газет-журналдар), киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы, Интернеттегі (әлемтордағы) сандық (электрондық) құралдары, тағы басқа ақпарат таратын қоғамдық саласындағы құралдар жатады.

Бұқаралық ақпарат құралдары өміріндегі тың әрі өткір мәселелерді көтеріп, халықтың ойларын, ұсыныстарын ортаға салатын, әртүрлі көзқарастардың көрініс табатын ортасы.

Басылым беттерінде жарияланған мақалаларды күнделікті тәрбие ісінде пайдаланып отыру жеке тұлғаның жан-жақты тәлім алуына, ой-өрісінің кеңеюіне әсерін тигізеді. А.Макаренко «Қай газетті алсаң да оның ішінен баламен әңгімелесуге жарайтын мақала табуға болады, тек оны оқығанда сол мақала бала тәрбиесі үшін қаншалықты маңызды екенін сезініп оқу керек» деп атап көрсеткен.

Бұқаралық ақпараттар құралдардың әлеуметтік ортадағы рөлі бірнеше жағдайда анықталады.

Біріншіден, бұқаралық ақпараттар құралы рекреативті рөл орындары яғни адамдардың бос уақыттағы ісін анықтайды.

Екіншіден, бұқаралық ақпараттар құралы рекреативті рөлмен релаксациялық рөлді орындайды.

Бұқаралық ақпараттар құралы әсерімен адамның әлеуметтік процесте адамның әлеуметтік процесте өзгері әртүрлі бағытта жүреді сонымен қатар оң және теріс векторлары бар.

Бұқаралық ақпарат құралдары - әлеуметтендіру факторы ретінде- халықтың, әсіресе, жас ұрпақтың рухани мәдениет құндылықтарынан білім алуына зор ықпал етеді. Осылардың ішінде ұрпақ тәрбиесіне тікелей ықпал жасау мүмкіншілігі басым тұрғаны мерзімді баспасөз. Өйткені, БАҚ қоғамдық пікірді қалыптастыруда халыққа бір табан жақын.

Газет материалы мәтіннің айрықша түрі болғандықтан, онда адамдар тобының мінез-құлқын өзгертуге, эмоциялық көңіл-күйіне, мінез-құлқына әсер етуге, қоғамдық пікір тудыруға, олардағы бұрыннан бар құндылықтарды қайта қалыптастыруға, олардың іс-әрекетін үйлестіруге ықпал ететіндей мәнерлеу құралдарының тұтас бір жүйесі қолданылады. Алайда нақты бір жарияланымда аталмыш жүйе көрінуі де, қамтылмауы да мүмкін. Бұл автордың кәсіби шеберлігіне байланысты.

Егер бұған дейін, жеке тұлғаны әлеуметтендіру мәселелері білім беру мекемелері шеңберінде ғана айналысатын іс ретінде танылып келсе, БАҚ бұл күнелікті жағдайда, әрбір жеке тұлғаға өз бағыт-бағдарын беруші фактор ретінде айқындалу мәселесіне келіп тіреледі, оның өздігінен білім алуына, өз дүниетанымы мен көзқарастарын, мәдени деңгейін дамыту әрекетіне тікелей байланыстылығын да атап өтуіміз керек. БАҚ арқылы жеткіншектерді әлеуметтендіруде келесі принциптерді алған жөн:

- гумандылық принципі;
- әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды дәріптеу;
- тұлғаның бойында жоғары руханилықты дамыту.

БАҚ тарапындағы қазіргі кезеңдегі бойкүйездік пен қазіргі кездегі ақпараттардың легінің реттелмеуі мемлекетке зор рухани зиян келтіреді. Бұл жағдайда тұлға қалыптастыру мен мәдениетін жоғарылату жөнінде айтудың өзі артық.

Сондай-ақ әсіресе жеке тұлға мәдениетінің қалыптасу процесіне ықпал ететін басты құрал – мемлекеттік идеологиямен бірге, мемлекет ақуалын сипаттайтын БАҚ болуы керек

деп білеміз.

Мемлекеттік идеология қашанда қоғам тұрақтылығы мен ел тыныштығының кепілі болатыны сөзсіз. Қазіргі таңда қоғам дамуы көп ұлтты Қазақстан үшін баршаны біріктіретін ортақ бір БАҚ реттеуші орталық /цензура/ қажеттігін дәлелдейді. Біздің ойымызша, БАҚ мемлекеттік идеяның, білім беру мекемелер ұстанымдарының негізгі бағыттарын айғақтап, жеткізуші ретінде келесідей болуы керек деген ойдамыз:

- тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстан тағдырының еркіндігі мен өзіндік болмыс-бітімін насихаттау;

- демократия мен еркіндікке, даму мен көркеюге біртіндеп қадам жасау, қазақстандық даму жолын айқындау; қазақстандық патриотизм;

- қоғамның басты құндылығы ретінде жеке тұлға мен оның құқықтары мен міндеттерінің біртұтастығын тану.

Тұлға қалыптастыру бірқатар объективті факторлар әсерінен қалыптасады: әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси және т.б. Сонымен қатар оның қалыптасуындағы маңызды рөл бағытталған БАҚ қызметіне қатысты. БАҚ тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажет, сонымен қатар әр категория халықтарының білім берудегі, кәсіби және жас аралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Осы жұмыс үшін мемлекеттік органдарды, ғылыми мекемелерді, оқу орындарын, қоғамдық ұйымдарды тарту дұрыс. Бұл жүйенің ұйытқысы БАҚ болу керек.

Біздің ойымызша, бұған дейін де жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған тәрбие берудің ең тиімді тәсілі ретінде қалыптасып үлгерген баспасөз, теледидар, радио және көркем құралдар арқылы насихат жұмысын қолдану керек. Адамзат құндылықтарын насихаттау – жеткіншектерді қалыптастырудың негізгі құрамдас бөлігі. Бұл орайда БАҚ ролі арта түседі. БАҚ – мемлекеттік идеологияны жеткізудің теңдессіз құралы. БАҚ-тың жеткіншектер санасына әсер ететін ықпалы өте жоғары. БАҚ негізінде бойында мейірім мен ынтымақ, ізгілік пен ар-ұят сезімдерін оятуға болады. Адамдар санасына күн сайын, тіпті сағат сайын ықпал ететін БАҚ, жеке индивидтердің дүниетанымы мен көзқарастарына түбегейлі өзгерістер енгізе алады.

Қолданылған әдебиет

1. Андреева Г. М. Социальная психология - М., 2001. -305С.
2. Мудрик А.В. Социализация человека: Учеб. пособие для студентов высш. учеб.заведений. М.,2004.- 304с.
3. Мудрик А.В. Социальная педагогика. М.,2005.
4. Кон И.С.Социология личности. –М.,1967.
5. Кон И.С.Ребенок и общество. М.,1988.188-бет.
6. Тесленко А.Н., Керимбаева М.С., Джакупова Г.А. Профилактика подростковой девиации: теория и практика. Астана, Центр СПС ИПК иПКСО, 2005.
7. Тесленко А. Н. Социализация молодежи . Алматы –Астана 2002
8. Сейітқазы П.Б. Монография «Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау» – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2009. - 311 с.
9. Сейітқазы П.Б. «Бұқаралық ақпарат құралдарын мектепте пайдалану әдістемесі». – Астана: Культегин, 2008. -127 с.
10. Сейітқазы П.Б. Баспасөз және тәрбие мәселесі. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2007. -110 с.

УДК 316.614:159.922.73

ПОДРОСТКОВЫЙ СУИЦИД КАК СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Байбакирова Айна